



Жансейіт Қансейітұлы ТҮЙМЕБАЕВ,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры

БИІКТІ БАҒЫНДЫРҒАН БАУЫРЛАС ЕЛ

Түркі әлеміндегі түбі бір бауырлас мемлекеттер – Қазақстан мен Әзірбайжанның тәуелсіздік алғанына биыл 30 жыл толады. Ділі мен діні, мәдениеті мен дәстүрі ортақ екі халық арасындағы өзара туыстық, достық қарым-қатынастың тамыры тереңде жатыр. Рухани-мәдени әлемі ежелден біте қайнасып келе жатқан бауырлас елдердің тығыз байланысы азаттық алған жылдардан бастап жаңа сипатқа ие болып, ынтымағы одан әрі жараса түсті. Біз бір-бірімізге жат

халықтар емеспіз. Қандас бауыр болғандықтан, арамызда алыс-беріс пен барыс-келістің болуы заңдылық, оның үстіне біз стратегиялық серіктес мемлекетпіз. Сондықтан бір-бірімізге құшағымыз ашық, бауырларымызбен қашанда сағынысып көрісеміз.

Әрине, бүгінгідей баршылық, тоқшылық заманға біз бірден қол жеткізген жоқпыз. Осыдан отыз жылғы бұрынғы тарихқа көз жүгіртсек, екі елдің өз қалыптасу, даму, өрлеу-дағдару жолы болды. Әзірбайжан ұлты да қазақ

Баку мемлекеттік университеті орталық ғимаратының кіреберісі

халқы секілді «мың өліп, мың тірілген» халық, Туған жердің, киелі топырақтың қадір-қасиетін біледі. Елін, жерін жаң-тәнімен сүйеді және оны көздің қарашығындай сақтау үшін қасық қаны қалғанша күреседі. Бұл тағдырлы Таулы Қарабах оқиғасында анық көрінді. Міне, қос ұлтқа тән осындай ұлы сезімдер біздің елдерімізді алға сүйреп келеді.

Өткенге көз жүгіртсек, екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастар сонау 1992 жылдың күзінде орнап, мәдени-гуманитарлық саладағы белсенді ынтымақтастықтың бастауы ретінде 1993 жылы Бакуде Әзірбайжан-Қазақстан достық қоғамы құрылды.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың шақыруымен 1994 жылы Әзірбайжан ұлт лидері Гейдар Әлиев Қазақстанға арнайы іссапармен келді. 1996 жылы Елбасымыз Бакуге ресми сапармен барып, екіжақты құжаттарға қол қойды. «Әзербайжан – Қазақстан үшін Кавказ өңіріндегі стратегиялық серіктес. Біздің елдеріміз энергетика, транзит, көлік, ауыл шаруашылығы,

туризм, білім беру саласында, басқа да бағыттар бойынша белсенді ынтымақтасып келеді» деп атап өтті.

Сол кезден бастау алған тығыз қарым-қатынас күні бүгінге дейін үзілмей, екі елдің арасында алтын арқау болып отыр.

Әзірбайжан мен Қазақстан қазіргі таңда шын мәнінде аймақтық интеграцияны дамытып, аумақтық шиеленістерді реттеп, сауда-экономикалық және рухани байланыстарды жүйелі жолға қойып келеді. Екі ел де көршілес мемлекеттермен тұрақты диалогты сақтауға, достық қарым-қатынастағы елдермен үйлесімді әлеуметтік-экономикалық, мәдени-гуманитарлық қатынастарды дамытуға бағытталған берік саясат ұстанады. Екіжақты қарым-қатынас тілдегі, мәдениеттегі, діндердің бірлігіндегі ұқсастықтарға, тарихи түп-тамыр мен географиялық жақындыққа негізделген.

Екі мемлекет халықтары арасындағы бауырлас, достық қарым-қатынаспен бірге, ортақ теңіз шекарасы, Қазақстанда тұрып жатқан Әзірбайжан диаспорасы, Ұлы Жібек жолындағы



геостратегиялық рөлі мемлекеттердің экономикалық байланысының жарқын болашағын қамтамасыз ететін негізгі қозғаушы күш екені анық. Екіжақты ынтымақтастықтың басты басымдығы энергетика, транспорт, құрылыс, ауыл шаруашылығы, байланыс, туризм салаларына беріледі. Әзірбайжан мен Қазақстан арасындағы экономикалық ынтымақтастық жөніндегі ортақ парламентаралық комиссиясының 11-ші отырысы 2014 жылы өтіп, қазіргі таңда жұмысын сәтті жалғастыруда. Тауар айналымының әлеуетін көтеру мақсатында екі ел бірге қоян-қолтық жұмыс атқаруда. Баку мен Ақтаудың логистикалық орталығында орналасқан Астық терминалы (Әзірбайжанның инвестициясы есебінен жүзеге асқан) сөзіміздің жарқын мысалы.

Түркітілдес мемлекеттердің Парламенттік Ассамблеясының жиынында сөйлеген сөзінде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Соңғы жылдары Әзірбайжанмен мемлекетаралық ынтымақтастығымыз сәтті дамып келеді. Біз Президент Ильхам Әлиевпен еларалық өзара қарым-қатынастың қазіргі жағдайы мен даму перспективалары туралы үнемі пікір алмасамыз. Тәуелсіздік алған уақыттан бері екі ел арасындағы ынтымақтастықты табысты жалғастырып келеміз», – деп атап өткен болатын.

Отыз жыл – тарих өлшемі бойынша аз уақыт көрінгенімен, тәуелсіздік алған жас мемлекеттер

үшін бұл тұтас дәуір. Осы жылдар ішінде екі республика өзара достықты сақтап қана қоймай, мәдениет, білім, ғылым және туризм саласында да ұзақ мерзімді ынтымақтастық бағдарламасын қабылдады. Соның нәтижесінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті көп жылдан бері Баку мемлекеттік университетімен ынтымақтастық орнатқан. Біздің университеттің тарихы терең, оқытушылардың, ғалымдар мен студенттердің кәсіби деңгейі жоғары. Үздік көрсеткіштердің арқасында оқу орны жаһандық бәсекеге қабілетті. Посткеңестік кеңістікте тек екі университет әлемнің ТОП-200 үздік университеттерінің қатарына кіреді. Атап айтқанда, М.Ломоносов атындағы ММУ (78-орын) және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (175-орын). Сондай-ақ университет жоғары бағаға қол жеткізген, QS Stars Rating System халықаралық рейтингінде «Бес жұлдыз» артықшылық белгісіне ие болған Орталық Азия өңіріндегі алғашқы және жалғыз жоғары оқу орны. Университет дайындықтың 17 бағыты бойынша үздіктер қатарына кіреді.

Бұл білім беру бағдарламаларының бәсекеге қабілеттілігін дәлелдейді. Еуропалық ғылыми-өнеркәсіптік палатасының бағалауы бойынша университет осы жылы «AA+» жоғары бағасын алды. Еуропаның жетекші университеттерімен бір шепте. Ұлттық рейтингтерде де Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ үнемі көшбасшылық орынға ие.

Біз Баку мемлекеттік университетімен арадағы байланысты жан-жақты жетілдіруге мүдделіміз. Қазір әріптестік байланыстар аясында әлеуметтік, гуманитарлық, жаратылыстану және техникалық ғылымдарды зерттеу саласында бірлескен бағдарламалар мен бірқатар жобаларды іске асыруда. Сонымен қатар білім ордалары бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, қосдипломды білім беру, оқытушы мен студент алмасу, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру сынды өзге де өзара қарым-қатынастар аясында екіжақты меморандум шеңберінде жұмыс істейді.

Екі білім ордасының оқытушы-профессорларының тәжірибе алмасуы бойынша өзара байланыстары да жемісті нәтиже беруде. Атап айтсақ, Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторанты Ақнұр Қошымова мен Қазақстан тарихы кафедрасының

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің кешені



PhD докторанты Алмас Тоқсанбаев 2018 жылы Баку қаласында М.Ф.Ахундов атындағы Орталық көпшілік кітапханасында тағылымдамалық зерттеу іссапарында болып қайтты. Нәтижесінде «VIII-XIII ғасырлардағы оғыздардың түркі халықтарының этногенезінің қалыптасуындағы орны» тақырыбы аясында материалдар жинақталып, ғылыми мақала жарық көрді. Сонымен қатар Бакудегі Кавказтану институтының ұйымдастыруымен өткен II халықаралық кавказтанушы ғалымдар форум жұмысына Қазақстан тарихы кафедрасының доценті Гүлнар Қозғамбаева «Қазақстандағы әзірбайжандардың этномәдени дамуы» тақырыбында ғылыми баяндамамен қатысты.

2019 жылы Әзірбайжан Республикасы Ғылым академиясы тарапынан ұйымдастырылған археологтардың халықаралық ғылыми конференциясына ҚазҰУ-дың Археология, этнология және музеология кафедрасының бір топ ғалымдары қатысып, әзірбайжандық ғалымдармен бірлескен зерттеулер жүргізу бойынша келіссөздер жүргізіп қайтты. Университетіміздің «ҚазҰУ хабаршысы» ғылыми басылымының тарих сериясында Әзірбайжан

Республикасының Ғылым академиясы мен Баку мемлекеттік университеті ғалымдарының ғылыми мақалалары жарияланған.

Қазіргі сәтте Армения, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия мемлекеттерінде және Әзірбайжан елінде ҚазҰУ филиалдарын ашу мақсатында жұмыс жүргізілуде.

2011 жылдың мамыр айынан бастап Баку университетінде Абай Құнанбаев атындағы қазақ тілі, тарихы мен мәдениеті орталығы жұмыс істейді. 2018 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да шығыстану факультеті ТҮРКСОЙ кафедрасы жанынан Әзірбайжан тарихи және мәдени орталығы ашылды. Бұл орталық алдағы уақытта түркітану ғылымының өрісін кеңейтетін, түркітілдес халықтардың тарихы мен этнографиясын, мәдениеті мен әдебиетін, тілі мен рухани мұрасын зерттеп-зерделейтін бірден-бір орталық болмақ.

Мәдени алмасулар мен білім беру және ғылым саласындағы өзара қарым-қатынастар екі халықтың түсінісуінде шешуші рөл атқаратыны анық. Сондықтан Әзірбайжанның Қазақстандағы және Әзірбайжанда Қазақстанның мәдениеті күндері жүйелі өткізіліп тұрады.

Әзербайжанның Ұлттық ғылым академиясының ғимараты



«Достық» қоғамының қолдауымен Әзірбайжанның белгілі кинорежиссері Окай Миркасимов қазақ халқының төзімділігін, қонақжайлылығын, мейірімділігі мен гуманизмін дәріптейтін «Қиын жылдар... Жақсы бақыт» деректі фильмін түсірді. Осындай ізгі бастамалар ортақ тарихымызды танып-білуге, терең насихаттауға жол ашады. Осылайша биікті бағындырған бауырлас елдің қазақпен рухани байланысы уақыт өткен сайын кең тыныс алып келеді.

Соның куәсі ретінде «Әзірбайжан әлемі» журналының кезекті саны Қазақстанға арналып отыр. Бұл журналдың негізгі мақсаты – түркітілдес елдердің ортақ мәдениетін дәріптеу, туыстық қарым-қатынасты нығайту. Бұл Қазақстан мен Әзірбайжанның саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени қарым-қатынастардан бөлек, білім мен ғылым саласында да тығыз байланыс орнатқанының бір дәлелі.

1996 жылдың 16 қыркүйегінде үкіметаралық жастар саясаты мен спорт саласындағы ынтымақтастық туралы келісім жасалғаны есімізде. Осы жылдар ішінде аталған бағыттарда

көптеген жұмыс атқарылып, қазақстандықтар Әзірбайжан Республикасында өткен Дүниежүзілік шахмат олимпиадасы, Жастардың жаһандық форумы, Ислам адалдық ойындары және т.б. ірі халықаралық шараларға белсенді қатысты. Ақтауда Халықаралық жастар форумы ұйымдастырылды, оның қарсаңында Қазақ-әзірбайжан жастар күні жүзеге асты. Кездесу барысында тараптар өзара іс-қимыл және одан әрі ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Қазіргі сәтте аталған шаралардың барлығына Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері белсенді қатысуда.

Қазақстан мен Әзірбайжан арасындағы жан-жақты, саяси-дипломатиялық, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани қарым-қатынастар білім мен ғылым саласындағы байланысымыздың тұрақты дамуына ықпал етіп, өзара ынтымағымызды тереңдете түсетіні сөзсіз. 🌟